Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

29 марта
2024 года
ПЯТНИЦА
№ 26 (1626)

**ТЕМА НОМЕРА:**

**ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ ПРИ ПАВОДКЕ**

СТР.5

Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в saran_today, saran_gazeti sarangazeti

## Глава государства выступил на пленарной сессии Боаоского азиатского форума




Касым-Жомарт Токаев принял участие в церемонии открытия пленарной сессии Боаоского азиатского форума (БАФ), ежегодно проходящего в китайской провинции Хайнань. В этом году 23-й по счету форум проходит под девизом «Азия и мир: общие вызовы, общая ответственность».

Президент Казахстана выступил на форуме в качестве почетного гостя.

Приветствуя участников мероприятия, Глава нашего государства отметил важную роль данной платформы в качестве центра диалога и международного сотрудничества на фоне беспрецедентной глобальной неопределенности, подпитываемой геополитической турбулентностью и экономическими потрясениями.

– К середине десятилетия становится все более очевидным, что темпы роста глобального ВВП будут самыми низкими за последние 30 лет. Одним из серьезных вызовов, стоящих перед мировой экономикой, продолжает оставаться напряженность в торговых отношениях между ведущими странами. Политика протекционизма и обострение торговых споров нарушают глобальные цепочки поставок, сдерживают экономический рост и подрывают доверие инвесторов. Очевидно, что глобальной экономике нужны новые парадигмы развития. Неспособность решить данную проблему может обернуться упущенными возможностями в ближайшее десятилетие, – отметил Касым-Жомарт Токаев.

t.me/aqorda_resmi

**БІЛІМ**

## ФЕСТИВАЛЬ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ




Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

**Саран қаласында алғаш рет «Жайнай бер, Қазақстан!» атты көркемөнерпаздар шығармашылық фестивалі өтті.**

26 наурыз күні қалалық мәдениет үйінің киелі сахнасы ерекше түрлене түсті. Қалалық білім беру мен кәсіподақ ұйымының мұрындық болуымен білім беру ұйымдары арасында «Жайнай бер, Қазақстан!» атты шығармашылық фестиваль өткізілді.

Салтанатты шара сәтінде бірінші болып сөз алған қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Дәурен Бейсенұлы: «Жалпы барлық осы байқауға өтініш білдірген, барлық өнерпаздарға, барлық білім беру ұйымдарына, ұжымдарына байқауда сәттілік тілеймін. Әрқашан биіктен көріне беріңіздер. Бұл байқауды Саран қаласының білім беру бөлімімен бірге Саран қаласындағы кәсіподақ ұжымы бірлесіп өткізіп отыр. Сондықтан біздің тек қана белгілі бір өнерпаздар ғана емес, біздің білім беру ұйымдағы педагогтердің арасынан да мықты өнерпаздар бар екенін, жақсы өнерпаздардың арамызда жүргенін осы байқау арқылы анықтайтын боламыз»,- деп өз сөзінде атап өтті.

Келесі болып құттықтау сөз сөйлеген Саран қалалық кәсіподақ ұйымының төрағасы Әйгерім Акпарова өз бағын сынап келген қатысушыларға сәттілік тілеп, ризашылығын жеткізді.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ

**РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ**

## ВОПРОСЫ ВЗЯТЫ НА КОНТРОЛЬ



Надежда ЦХАЙ

**В минувшую среду аким города Е. Баулыков провел выездной прием граждан в поселке Актас. Как показала практика, именно такие приемы позволяют решить большое количество вопросов и актуальных задач, поскольку посельчане напрямую общаются с акимом, делятся своими замечаниями и предложениями.**

Кроме того, в выездном приеме принял участие аким поселка Б. Аканов, руководители государственных учреждений, поэтому на ряд вопросов были даны оперативные ответы, некоторые из заданных войдут в составленный план мероприятий.

Итак, что же волнует жителей поселка Актас? Среди прозвучавших вопросов на первом плане, конечно, жилищно – коммунальная сфера. В частности, один из посельчан задал вопрос о ремонте жилого дома №9 по улице Первомайская, а также о благоустройстве внутридворовой территории. В этой же категории вопросов – газификация поселка, а жительница улицы Космическая задала вопрос по поводу отопления.

Наболевший вопрос – это большое количество бродячих животных в Актасе. Об этом говорила жительница улицы Гастелло – на сегодняшний день это действительно один из самых острых вопросов, причем не только в Актасе, но и в нашем городе, поскольку бродячие животные представляют опасность для детей и взрослых, но и являются переносчиками различных инфекций.

Один из посельчан обратился с вопросом об очередности на получение жилья.

Всего было задано порядка десяти вопросов. Все они будут взяты на контроль.

## БІЛІМ

# ФЕСТИВАЛЬ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



(Басы 1-бетте)

- Қалалық кәсіподақ ұйымының атынан белсенділік танытып, осы іс-шараға атсалысып қатысып отырғандарыңызға үлкен алғысымызды білдіреміз. Сіздерге бүгінгі фестивальде тек қана жеңіс және сәттілік тілейміз,- деді Әйгерім Мәуленқызы.

Фестивальдің өзі екі кезеңнен, төрт номинациядан құралған. Бірінші кезеңде облыс аудандарынан, қалаларынан ең мықтылары іріктелініп, екінші кезеңге жолдама алған. Әділ қазы алқасы «Хор», «Вокалдық ансамбль», «Аспаптық ансамбль» және «Хореографиялық ұжым» атты номинациялары бойынша қатысушылардың өнерін бағалаған.

Фестивальге қаламыздағы білім ошақтары мен балабақша-бөбекжайларының ұжымы сақадай сай дайындалған. Қатысушылар бір-біріне қолдау көрсетіп, ыстық ықыласын білдіріп отырды. Араларында достық, сыйластық пен құрмет бары сезілді. Әр нөмірдің астарында туған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім, ізеттілік пен құрмет жатты.

Көпті өздерінің өнерімен тәнті еткен қатысушылардың бірі – «Сәуле» бөбекжайының ұжымы. Әрдайым спорттық, қолөнер, шығармашылық байқаулардан тыс қалмайтын ұжым осы жолы квалес аспабында ойнау шеберлігімен таңқалдырды.

- Сіз осы фестивальге бір айдың көлемінде дайындалдық. Арнайы ережелерді жіберді. Фестивальді бүгінгі күні ойлаймын өте жақсы, сәтті өтті, - деп «Сәуле» бөбекжайының тәрбиешісі Айжан Байдалина өз әсерімен бөлісті.



Фестивальдің нәтижесі бойынша «Вокалдық ансамбль» номинациясында «Колобок» бөбекжайының ұжымы, №2 жалпы білім беретін мектеп ұжымы 3-орынды, №1 мектеп-лицейдің ұжымы 2-орынды, «Балғын» бөбекжайының ұжымы 1-орынды иеленді. Ал, «Аспаптық ансамбль» номинациясында №1 мектеп-лицейі 1-орынмен марапатталды. «Хореографиялық ұжым» номинациясында №1 мектеп-лицейіне 3-орын, №13 жалпы білім беретін мектепке 2-орын, «Сәуле» бөбекжайына 1-орын берілді. «Хор» номинациясында №7 мектеп-интернаты 2-орынға жайғасты. Сондай-ақ, ұйымдастырушылар барлық қатысқан ұжымға алғыс хат табыстап, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді арнайы марапаттау қағазымен және ақшалай сертификатпен марапаттады. Әр номинацияның жеңімпаздары облыстық фестивальде өнер көрсететін болады.





## РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

# Согласно рабочей повестке дня

Надежда ЦХАЙ

**Двадцать шестого марта состоялось заседание постоянной комиссии по вопросам бюджета, экономики, предпринимательства, социально – культурному развитию и социальной помощи населению под председательством Ж. Жаяубаева.**



В работе комиссии приняли участие заместители акима города Д. Арнешев, М. Кайрешов, аким поселка Актас Б. Аканов, председатель Общественного совета К. Омаров, руководитель аппарата акима А. Утешев, руководители государственных учреждений.

В ходе работы были рассмотрены вопросы повестки дня 11 сессии Саранского городского маслихата, касающиеся уточнения бюджета Сарани и Актаса на 2024 – 2026 годы, определения размера и порядка оказания жилищной помощи в городе Сарани и поселке Актас, внесения изменений в решение Саранского городского маслихата от 30 июля 2020 года № 518 «Об определении специализированных мест для организации и проведения мирных собраний, порядок их использования на территории города Сарани», утверждения ставок туристского взноса для инстранцев в городе Сарани на 2024 год, утверждения Положения и Совета территориального местного самоуправления города Сарани, утверждения минимального размера расходов на управление объектом и содержание общего имущества кондоминиума в Сарани и Актасе и т.д.

По первому вопросу повестки дня выступила руководитель ГУ «Отдел экономики и финансов г. Сарани» Е. Чиркова, которая на рассмотрение депутатов представила проект уточнения бюджета Сарани на трехлетний период. Отмечалось, что уточнения вносятся по инициативе акима нашего города и затрагивают различные направления жизнедеятельности Сарани. В частности, были представлены такие направления, как развитие водоснабжения и водоотведения, восстановление домов района РТИ, средний ремонт автомобильных дорог, ремонт фасадов по проспекту Ленина, поддержка социально уязвимых категорий населения и многое другое. Все эти направления напрямую связаны с горожанами, влияют на качество проживания и благополучие саранцев.

В свою очередь депутаты акцентировали внимание на эффективном расходовании бюджетных средств в рамках реализации программы «Жасыл Ел», оперативном ремонте пожарных гидрантов и т.д. Также был задан ряд вопросов о ремонте дороги в поселке Малая Сарань, качественной изоляции тепловых сетей, и т.д.

Аким поселка Актас Б. Аканов также подробно остановился на проекте уточнения бюджета, подробно остановившись на каждом направлении, касающемся коммунальной сферы, благоустройства и т.д.

Вместе с председателями КСК, руководителем Отдела жилищной инспекции Б. Акпаровым был рассмотрен вопрос минимального размера расходов на управление кондоминиума и содержание общего имущества. Были даны разъяснения по различным вопросам. В свою очередь председатели КСК задали ряд вопросов, касающихся взыскания долгов в арендном жилье и квартирах, находящихся в государственной собственности. Подчеркивалось, что некоторые долги за эксплуатационные расходы – переходящие, накопленные за несколько лет. Депутаты заверили, что этот вопрос будет взят на тщательный контроль. Кроме этого, было рекомендовано продумать более детальный и эффективный механизм взыскания долгов с неплательщиков, проводить отчетные встречи с населением о деятельности каждого КСК.

Все вопросы повестки дня будут рассмотрены на очередной сессии городского маслихата.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ

# Сауатты жарнама – тіл абыройы



Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңның 21 – бабы, «Жарнама туралы» Заңның 6 – бабына сәйкес деректемелер мен көрнекі ақпарат тілін реттеу және көрнекі ақпаратты екі тілде рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек көрсету «Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы» КММ негізгі міндеттерінің бірі.

Жалпы жарнама жасау, тарату, оларды орналастыру мәселесі Қазақстан Республикасы «Жарнама туралы» Заңымен реттеледі. Заңның негізгі мақсаты – жөнсіз жарнамаға жол бермеу және оларға тыйым салу болып табылады. Қазақстан Республикасының аумағында жарнама мемлекеттік тілде және орыс тілінде таратылатындықтан, жарнама мазмұнының бір тілден екінші тілге аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмаламауы тиіс.

Қаламызда мемлекеттік тілдің ахуалы зерделеніп, көрнекі ақпараттардың «Тіл туралы» заңнама талаптарына сәйкестігі үнемі қадағаланып отырады.

Осы бағыттағы жұмысты жүргізу мақсатында өткен жылы «Көрнекі ақпарат пен жарнама сауаттылығы» әлеуметтік жобасы қолға алынды. Жобаның мақсаты: Саран қаласы мен Ақтас кентінде орналасқан мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы ұйымдардың, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің көрнекі ақпараттарының тіл және жарнама туралы заңнама талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу, сондай – ақ осы заңнама нормаларын түсіндіру, қазақ тілінің қысқа мерзімді курстарына шақыру, аударма бойынша әдістемелік көмек көрсету, сыртқы жарнама және көрнекі ақпарат мәтіндеріндегі қателерді анықтау, түзету.

Аталған жоба аясында жұмыс тобы құрылып, жұмыс тобы мүшелері ай сайын бекітілген кесте бойынша қаламыздың шағын және орта бизнес объектілерін рейд арқылы тексеріп отырды. Рейд барысында мемлекеттік тілде қызмет көрсетпейтін шағын және орта бизнес өкілдеріне Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Жарнама туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңдарының талаптары түсіндіріліп, ақпараттық парақшалар мен тілашарлар таратылды.

Аталған жобаға 850 шаруашылық субъектісі қамтылды. Заң талаптарына сәйкес келмейтін нысандардағы дүкен иелеріне көрнекі ақпараттарын тіл туралы заңнамаларға сәйкестендіру туралы ұсыныс хаттар берілді. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде 670 шаруашылық субъектісі көрнекі ақпараттарын заң талабына сәйкестендіріп, «Жедел желі» бойынша 332 жеке кәсіпкерге әдістемелік көмек көрсетілді. Сонымен қатар, жұмыс тобы рейд барысында қолма-қол аударма бойынша әдістемелік көмек көрсетті.

Меншік иелері маңдайша, жарнаманы ілмес бұрын жергілікті тілдерді дамыту бөлімімен хабарласып, жарнама мәтіндерінің аудармалары дұрыстығын тексертіп, білмегендерін сұрап алса, мұндай қателіктер мен құқық бұзушылықтар орын алмас еді... Жалпы атқарылып жатқан істе, қол жеткізген нәтиже де, талпыныс пен ұмтылыс та бар. Жүргізілген бақылау да нәтижесіз емес.

Тіл өлшеусіз қазына, тарихи тұғыр. Ал тарих бүгіннен басталады. Ендеше туған тілдің тағдырына бейжай қарамайық. Егер кез – келген сауда орталықтарында тілге қатысты олқылықтарды байқасаңыздар Саран қаласының тілдерді дамыту орталығының 8 778 014 54 24 нөміріндегі «WhatsApp» мессенджеріне хабарласуларыңызды сұраймыз.

**А. Нурмаханова**
**«Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы» КММ директоры**

# Тіл көркеймей, ел өркендемейді



Тіл дегенде таңдайдағы тілек, соққан жүректе бөлек. Мемлекеттік тіліміздің әрқайсысымыздың ар - абыройымыздың көрсеткіші екені де анық.

Кез келген тілдің болашағы негізгі үш факторға тәуелді. Олар, атап айтсақ, мәдени әлеуеті, қалыптасқан әлеуметтік база және саяси күштердің тіл саясатына араласуы. Қазіргі қазақ тілінің тағдырына осы үш фактор да қатысып отыр. Мәдениеттің бір бөлшегі саналатын жазумен тілдің болашағы сабақтасып жатыр.

Қазіргі таңда ана тіліміз жайында көз майын тауысып, жанарын жасытып қалам шертіп жүргендер асып таусылады. Себебі бүгінгі таңда мемлекеттік тіл – елімізде аса өзекті де маңызды мәселе болып табылады. Тіл - тек қатынас құралы ғана емес. Ол мәдениетке, табиғатқа, тарихқа адамның түп-тамыры мен оның шыққан тегін анықтауға мүмкіндік береді. Барлық тілдерді танып-білу мен құрметтеу - бейбітшілік сақтаудың кілті.

Саран қаласында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік тұжырымдамасына сәйкес жүргізілуде.

Тіл туралы заңнама талаптарының орындалу барысы әкімдіктің және тұрақты комиссиялардың отырыстарында үнемі қаралып отырады.

2014 жылғы 8 тамыздан бастап Саран қаласы әкімдігінің «Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыс істейді. Орталық қызметкерлері қала тұрғындарына мемлекеттік және ағылшын тілдерін тегін оқытады. Оқыту курстары офлайн және онлайн форматта ZOOM платформасы арқылы немесе мекемелерден келіп түскен өтінімдерге байланысты өтінім берген мекеменің базасында және мультимедиялық кабинетте өткізіледі. Курсты аяқтаған тыңдаушылар емтихан тапсырып, А1 қарапайым немесе А2 базалық деңгей бойынша сертификаттарға ие болады. Тыңдаушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақта «LearningApps», «Kahoot», «Quizlet», «Wordwall», «Quizizz», «ClassFlow», «Book Creator» сияқты заманауи сервистер пайдаланылады.

2024 жылғы 9 қаңтардан бастап мемлекеттік тілді оқыту курсынан қарапайым А1 деңгейі бойынша 2 – топ, базалық А2 деңгейі бойынша 1 – топ, жалпы алғанда 36 адам оқып жатыр. Биылғы жылы мемлекеттік тілді оқыту курсына 120 адамды қамту жоспарланып отыр.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, ұлтымыздың салт-дәстүрін, әдет – ғұрпын дәріптей отырып, қолайлы тілдік орта қалыптастыру мақсатында 2021 жылы 1 қарашада «Мәміле» тілдесу клубы ашылды.

Клуб отырыстары әр сәрсенбі сайын мультимедиялық кабинетте өткізіледі. Қазіргі кезде клуб мүшелерінің саны – 13 адам.

Өткен жылы дәстүрлі шаралармен қатар тың жобалар да қолға алынған болатын. Солардың бірі - «Тілі бірдің – тілегі бір» жобасы. Бұл жобаның басты мақсаты: мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру арқылы қала тұрғындарының қазақ тілін үйренуге деген құлшыныстарын арттыру, олардың мемлекеттік тілді меңгерулеріне ықпал ету. Аталған жобаға өткен жылы «Мәміле» сөйлесу клубының мүшелері шақырылса, биылғы жылы шағын және орта бизнес өкілдерін тарту жоспарлануда.

Ақиқатында тілді қасиет деп түсінбейінше, оның алдындағы қызметте айтарлықтай салмақ та болмайтыны мәлім. Өз ана тіліміздің мәртебесі биік, мерейі үстем болуы үшін бір адамдай жұмылып, өз байлығымызды асқақтатуға күш салуымыз керек. Біздің асыл мұрамыз, баға жетпес жауһар құндылығымыз – ол ана тіліміз!

**А. Нурмаханова**
**«Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы» КММ**

Құрметті қала тұрғындары! Сіздерді Саран қаласы әкімдігінің “Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы” КММ 3 айлық қазақ және ағылшын тілдерін тегін оқыту курстарына шақырады. Оқыту курсы онлайн және офлайн форматта өткізіледі. Оқытуда әртүрлі заманауи оқыту формалары мен ойын технологиялары қолданылады. Біздің мекенжайымыз: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 85А. Байланыс телефоны: 70740, 87478800165.

Уважаемые жители города! КГУ “Центр развития языков города Сарани” акимата города Сарани приглашает вас на 3-х месячные бесплатные курсы обучения казахскому и английскому языкам. Учебный курс проводится в онлайн и офлайн форматах. В обучении используются различные современные формы обучения и игровые технологии. Наш адрес: г. Сарань, ул. Жамбыла, 85А. Контактные телефоны: 70740, 87478800165.

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ



Бүгінде елімізде мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынасты айқындаушы саланың бірі рухани, құлықтық, патриоттық білім беру мен тәрбие болып саналады. Келешек ұрпақтың рухани тұрғыда және білім беру жүйесіндегі зайырлылық мәселесі – қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Дін бұл шеңберде адам өмірінің басқа да салаларымен өзара әрекетінің арқасында мәдениеттің құрамдас бөлігі санатында қарастырылады.

Ұлттың бүгіні мен келешегі – білімді жастың қолында. Анығырақ айтқанда, тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Ал, сол білімді жастарға беруге ең негізгі қызмет ететін тұлғалар – оқытушылар қауымы. Сондықтан да білім беруде жүргізіліп жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру – оқытушы қауымына ортақ іс. Жаңа заман оқытушыларға жаңа міндеттер мен мақсаттар жүктейді. Оқытушы қауымына тың серпіліс, жаңа көзқарас әкелді.

Бүгінгі таңда жастардың көз алдында дін рухани-құлықтық идеаларды таратушы және мәдени дәстүрді сақтаушы ретінде жоғары дәрежеге ие болып отыр. Осыған орай білім беру мекемелері, мемлекеттік органдар алдында қазақ қоғамы үшін дәстүрлі діндердің әлеуетін жастарды рухани-тәрбиелікке және отансүйгіштікке тәрбиелеу туралы мәселе тұр. Сондай-ақ, елімізде өзара түсіністік пен дінаралық татулықты сақтай отырып, мемлекеттілікті нығайту үшін жас ұрпаққа дәстүрлі діндер, олардың рухани құндылықтары, еңбектері, дін ғұламалары жайлы білуі керек.

Адам діни сауаттылығын арттыру арқылы қоғамға, қоршаған ортаға деген көзқарасы қалыптасып, кемелдену құбылысы жүзеге асады. Сондықтан діни сауаттылықтың адам санасының оңды дамуындағы рөлі маңызды болмақ.

Ал қазіргі таңда дінге бет бұрған жастар арасында діни сауаттылықты арттыру мақсатында Ислам мемлекеттеріне барып, ілім ізденіп келушілердің саны көбейді. Сол жастарымыздың Исламның қазақ қоғамының дәстүрлі ұстанымы мен ерекшеліктеріне, құндылықтарына ешқандай да қарама-қайшылық туғызбайтын тәлім үйреніп келіп жатқандар бар. Десекте, діни сауаттығының таяздығынан жат елде алып жатқан ілімнің парқына бармай, қазақтың ұлттық құндылықтары мен ерекшеліктерін мүлдем жоққа шығарып, кейбір мемлекеттердің идеологияларын алып, бүгінде ел арасына іріткі салып жүрген жастар да аз емес.

Мемлекеттің діни саясатының басты мақсаты – елімізде діни өмірдің жайлы дамуы мен қоғамдағы тұрақтылықты бекіту болып табылады. Соңғы кезде ғаламтор беттерінде діни сауаттылық жайлы көптеген тақырыптар қозғалуда. Өйткені мемлекетте сауатсыздықтың салдарынан діни ахуал күрделеніп, әлі күнге дейін нақты шешімін табалмай келеді. Бұл көрініс елдің елеулі азаматтарын алаңдатып, кейбір қалаларда діни сауаттылықты арттыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылуда. Әйтседе, жастардың біршамасы мұндай ізгі амалдарға немқұрайлы қарап, өз беттерінше ғаламтор беттеріндегі белгісіз мәліметтердің ақ-қарасын ажыратпай, бойына сіңіріп, оны өз ортасына жая бастайды. Қазіргі теріс ағымдар үшін де өз мақсаттарын ұтымды пайдалануда ғаламтор өте тиімді болып отыр.

Студенттер газет-журналдардан көрі, ғаламтор, әлеуметтік байланыстар, блогтарда белсенді қолданатынын ешқашан естен шығаруға болмайды. Сондықтан да, діни каналдарда, мұсылмандық туралы сайттарда талқыланып жатқан тақырыптар төңірегінде дәстүрлі емес және радикалды діндер белсенділерінің кейбір қисынға келмейтін сұрақтар бойынша мемлекет тарапынан орынды жауаптардың нұсқалары ұсынылса, онда біздің студент жастардың теріс пиғылдағы ағымдарға аңсары аумасы анық. Жастардың діни тәрбиедегі сауаттылығын арттырамыз десек, оларды ҚМДБ өкілдерінен құрылған үгіт-насихат топтарымен қоян-қолтық қызмет етуді қолға алу керек деп санаймыз. Діни мамандардың арасында Құранның сүрелерін жай ғана жаттап алып, оның мән-мағынасын, философиясын терең талдап, түсіндіруге келгенде өз деңгейінде бола бермейтіндігі де шындық. Сондықтан, еліміздің дінтанушылары, дәстүрлі көшбасшылары, сондай-ақ, діни мамандар тарапынан түсіндіру жұмысы әлі де жетілдіре түсуді талап етеді.

Тағы бір мәселе – отбасы тәрбиесіне келіп тіреледі. Тәрбие – тал бесіктен басталатынын ескерсек, отбасы тәрбиесінде келешек ұрпақтың болашағы жатыр. Соңғы кезде жастар арасында жарасым таппай ажырасу, жанұя құндылығын сақтамау, түні бойы түнгі клубтарда қыдырыстау кәдуілгі әдетке айналып барады. Қазіргі кезде дәстүрлі емес және де радикалды діндер өкілдері ұйып отырған отбасының ыдырауына да көп әсер етуде. Қаншама отбасы шайқалып, оның мүшелері жан-жаққа, неше түрлі ағымдардың ізіне түсіп, бала – әкені, қыз – шешені тыңдаудан қалды. Осындай қиын тағдырдың тәлкегіне түскен жастарымызға ауадай қажет нәрсе – біреу-ақ. Ол – жастардың таңдау алдындағы шынайы ақпараттың қажеттігі. Мәселенің мәні осы деп түсінгеніміз абзал. Сапалы діни сарапшылардың қорытындылары – қаншама адасып жүрген жастарымызға көмегін тигізер еді. Жалпы, жастар арасындағы діни тәрбие, әсіресе қылықты қыздарымыздың, көркем қыздарымыздың бойындағы қалыптасқан қасиетті мінез-құлық мәселесі жай ғана айта салатын сөз емес. Оның астарында ұлт болып ұйысудың, елін сүйген, жерін сүйген патриотизмнің жатқанын ешқашан ұмытпауымыз керек. Сондықтан да, ұлы Мұхтар Әуезов айтқандай, "Ел боламын десең – бесігіңді түзе" деген қағида әр қазақ отбасының өмірлік ұстанымына айналуы тиіс. Еліміздің тұрақты дамуында жастардың үлесі зор екенін ескерсек, сол жастарымыздың бойында патриотизмге, рухани келісімге, татулық пен бірлікке деген қасиеттері еліміздің кемел келешегіне қызмет етуден туындағанын қалар едік.

Сонымен қатар «Дінтану негіздері» пәнінің бағдарламасы қазіргі заманауи ахуал тұрғысынан біршама жетілдіруді қажет ететіні белгілі. Пән атауын «Зайырлылық және дінтану негіздері» деп өзгерту, пәннің қоғамтанулық мазмұнын жетілдіре отырып, білім алушыларға зайырлы мемлекет қағидаттары мен қазақстандық қоғамның дәстүрлі құндылықтарын таныту, экстремизмге және терроризмге қарсы насихат бағытындағы тақырыптарды енгізу қазіргі діни ахуал жағдайында өзекті болып табылады. Сондықтан қазір Дін істері агенттігі мен Білім және ғылым министрлігі бірлесе отырып, осы бағытта жұмыстар жүргізуде.

Пәндердің айқын әрі бірін-бірі толықтыратын жүйесін жасақтау мақсатында жалпыға бірдей білім беретін мекемелерде жүргізілетін барлық қоғамдық пәндерге талдау жасап отыру маңызды. Бұл орайда «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Мәдениеттану», «Философия негіздері» қоғамдық пәндерінің және «Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы», «Алаштану», «Зайырлылық және дінтану негіздері» қолданбалы курстарының өзара сабақтастығы мен бірізділігінің сақталуына назар аударған жөн. Осы орайда белгіленген тәртіпке сәйкес әр 4 жыл сайын пәндер оқулықтарының қайта шығарылуы барысында аталған пәндердің оқу бағдарламаларын дінтанулық және мәдениеттанулық компонентін толықтыра отырып, қайта жасақтау, соның негізінде оқулықтардың мазмұнын жетілдіріп, қайта шығарып отыру қажет. Бұл біртұтас идеологиялық арқаудың қалыптасуына және қоғамдық пәндер сабақтастығының күшейтілуіне әсер етеді, оқушы санасында біртекті дүниетанымдық және мәдени тұрғылардың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда елімізде халықтың әсіресе, жастардың рухани-танымдық тәрбиесін, діни сауаттылығын арттыру маңыздылығы көпшіліктің аузында жүр. Қоғамның діни өмірінің тенденцияларын, діни ахуалды ескере отырып, оны жастарға жеткізіп отыру қажет. Кез-келген мемлекеттің жарқын болашағы мен кемелденуі осы жастардың болмысы мен санасына, мәдени дамуына, білім мен тәжірибе деңгейіне байланысты болады. Сондықтан жастардың заманға сай діни білім деңгейлерін арттырып, дәстүрлі құндылықтарды сақтау – бүгінгі күннің басты мәселесі.

**А. Қозыбағаров,**
**А. Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлық-техникалық колледжінің оқытушысы**

# Зайырлылық: оның қоғамдағы өзектілігі неде?



Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаты зайырлылық қағидаты болып табылады. Ел Конституциясында бекітілген зайырлылық қағидаты "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" заңда егжей-тегжейлі көрсетілген. Заңның тиісті баптары мемлекетті Дін мен діни бірлестіктерден бөледі, бұл сөзсіз Қазақстанның зайырлылығын бекітеді.

Зайырлылық қағидаты мемлекеттің және діни қызмет мәселелеріне ішкі істеріне араласпауын, барлық діни ұйымдарға құрметпен тең көзқарасты, олардың тең құқықтарын қамтамасыз етуді білдіреді.

Зайырлылық идеология емес, зайырлылық саясат емес. Зайырлы сенуші азаматтың бейнесі, ең алдымен, өз халқының дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын құрметтейтін, сақтайтын және радикалды деструктивті діни идеологияға теріс көзқарасы бар заңға бағынатын азамат.

Қазақстанда құрылған мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынас моделі діндарлардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеудің демократиялық қағидаттарына, қоғамдық және діни мүдделер теңгеріміне, әріптестік қатынастарға және өзара түсіністікке ұмтылуға негізделген.

Осылайша, қоғамның зайырлы сипаты адамдарға нанымдардың, пікірлердің және діни сенімдердің айырмашылығына қарамастан жақын өмір сүруге мүмкіндік береді. Сондықтан қоғамның зайырлы табиғаты - бұл игілік пен қажеттілік.

Зайырлылық қағидаттарын мүлтіксіз сақтаудың арқасында біз қазақстандық қоғамның тұтастығын сақтап, оның тұрақты дамуын қамтамасыз ете аламыз деп сеніммен айтуға болады. Болашақта мемлекеттің зайырлы сипаты Қазақстанның табысты дамуы мен өркендеуінің маңызды шарты болып табылады.

**А. Аскеева,**
**"Саран қаласының ішкі саясат бөлімі" ММ бас маманы, ақпараттық топтың мүшесі**

## ОЧС Г. САРАНИ ИНФОРМИРУЕТ

# ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ ПРИ ПАВОДКЕ



Получив сообщение о наводнении, паводке, следуйте основным правилам:

- отключите газ и электричество;
- если наводнение развивается медленно (медленно поднимается уровень воды), примите меры к спасению имущества и материальных ценностей: перенесите на верхние этажи или чердак наиболее ценные вещи, выведите животных;
- предупредите соседей, помогите детям, старикам и инвалидам покинуть опасное место;
- будьте готовы к эвакуации.

Без промедления выходите в безопасное место, при этом учитывайте направление вероятного развития паводка;

- возьмите с собой документы, деньги, ценности, тёплую одежду, сапоги, продукты питания и воду на несколько дней, предметы личной гигиены, медицинскую аптечку;
- избегайте езды в машине по залитой дороге, вас может снести течением.

**ОЧС г. Сарани**

# ОСТОРОЖНО! ОПАСНЫЙ ЛЕД!

С приходом весеннего тепла все тоньше становится ледовый покров на водоемах. Это значит, что все больше становится риск провала людей под лед и все актуальней опасность утопления в ледяной воде.

Помощь человеку, оказавшемуся в полынье:

- если на ваших глазах человек провалился под лёд, крикните ему, что идете на помощь (это придаст человеку силы);
- если есть возможность, вызовите «скорую помощь», спасателей;
- приближаться к пострадавшему нужно только ползком, хорошо, если вы подложите под себя лыжи, доску, фанеру (для уменьшения давления на лед);
- за 3-4 метра до пролома бросьте пострадавшему веревку, связанные вместе шарф и ремень или верхнюю одежду, подайте доску, шест (то, что будет в данный момент у Вас под рукой);
- к самому краю пролома приближаться опасно! Лёд может подломиться, и тогда Вы также окажетесь в ледяной воде!

Вытащив пострадавшего из полыньи, окажите первую помощь до приезда врачей: помогите ему добраться до теплого помещения, снимите мокрую одежду, разотрите его тело, оденьте в теплую одежду, дайте горячее сладкое питье.

При попадании человека в ледяную воду возможен рефлекторный спазм дыхательных путей, вследствие чего вода в легкие не попадает. К тому же неожиданный контакт с холодной водой часто приводит к рефлекторной остановке сердца. Ввиду того, что в этих случаях кожные покровы приобретают бледно-серый цвет, такой тип утопления называется «бледным».

Как оказать помощь человеку, ставшему жертвой бледного утопления? Главное следует помнить, что при утоплении в холодной воде есть все основания рассчитывать на спасение, даже в случае длительного пребывания под водой. При бледном утоплении нет необходимости удалять воду из дыхательных путей и желудка.

После извлечения утонувшего из проруби недопустимо терять время на перенос его в теплое помещение. Экстренную помощь необходимо начать оказывать пострадавшему сразу после извлечения из проруби. В первую очередь следует повернуть спасенного на спину и убедиться в отсутствии реакции зрачков на свет и пульса на сонной артерии. При отсутствии пульса на сонной артерии необходимо нанести прекардиальный удар и приступить к реанимации.

Если признаки жизни не появляются, не следует переносить пострадавшего в теплое помещение, так как профилактика простудных заболеваний в данном случае будет более чем абсурдной. Следует в ожидании помощи продолжать реанимационные мероприятия. Если же утонувший подал признаки жизни, следует укутать его в теплую сухую одежду, по возможности дать ему горячее питье, переместить пострадавшего в теплое помещение. Если населенный пункт находится в отдалении, следует вызвать спасателей, позаботиться о костре и об укрытии пострадавшего.

ЗАПОМНИТЕ! Человека, перенесшего утопление, необходимо госпитализировать независимо от его состояния и самочувствия. Поэтому «скорую помощь» следует вызвать обязательно!

**ОЧС г.Сарани**

# ОПАСНАЯ ВЕСЕННЯЯ ПОРА

На календаре - март. Становится все больше и больше теплых дней. На пороге паводок, который характерен резким повышением уровня воды, выходом из берегов рек, прорывом гидротехнических сооружений, а за этим всегда следует затопление местности, нанесение материального ущерба населению и объектам хозяйствования.

В Карагандинской области паводок проходит по-разному. Все зависит от погодных условий: паводок может пройти тихо, незаметно, а может наделать бед. А между тем вовремя проведенные предупредительные мероприятия позволили бы существенно смягчить последствия водной стихии.

В целях предотвращения затопления жилья, производственных, культурно-бытовых объектов, железнодорожных путей, автодорог, других инженерных сооружений и недопущения гибели людей, руководители предприятий, организаций, учреждений и население обязаны провести ряд противопаводковых мероприятий:

- Провести уборку снега в местах его большого скопления, очистку отводных русел и каналов, ремонт механизмов и устройств сбора воды;
- Организовать беспрепятственный пропуск талых вод из возможных зон и участков затопления;
- Произвести подсыпку предположительно затопляемых территорий;
- Запретить детям играть вблизи рек, котлованов, глубоких канав и рвов;
- Во время интенсивного весеннего снеготаяния, затяжной непогоды, ледохода не останавливаться на низких речных берегах;
- Воздержаться от посещения дачных участков, расположенных в устьях рек и вблизи плотин водохранилищ;
- Не переходить по трубам и другим конструкциям, проходящим над реками, каналами, глубокими и широкими канавами и рвами;
- Не заходить на полуострова на реках, чтобы не быть отрезанными от суши поступающей водой;
- Не проходить и не переезжать по льду через реки, каналы и другие водоемы в неустановленных и неизвестных местах во избежание несчастного случая;
- Рыбакам воздержаться на этот период от рыбалки до полного спада воды.

**ОЧС г. Сарани**







Құрметті Саран қаласы және Ақтас кентінің тұрғындары!

Сіздерге сәуір айында Саран қаласы мен Ақтас кентінде «Қарызсыз қоғам» жобасы - халықтың қаржылық сауаттылығын оқыту басталатынын қуана хабарлаймыз.

Оның мақсаты – азаматтарға қаржылық және құқықтық көмек көрсету, қаржылық сауаттылықты арттыру, банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша проблемалық берешекті реттеуге жәрдемдесу. Жобаның операторы – «AMANAT» партиясы.

Оған кез келген адам қатыса алады. Оқыту толықтай тегін жүргізіледі.

Оқыту топтарда күндізгі форматта өтеді. Оқу мерзімі - бес күн: түске дейін жалпы бағдарлама – міндетті курс, түстен кейін – қатысушының қалауы бойынша жеке практикалық кеңестер. Курсты аяқтау қорытындысы бойынша барлық тыңдаушылар тиісті сертификат алады.

1-кезеңде 4 топ оқытылады:
Саран қаласында:
1 топ: 2024 жылғы 1-5 сәуір;
2 топ: 2024 жылғы 8-12 сәуір;
4 топ: 2024 жылғы 22-26 сәуір.
Ақтас кентінде:
3 топ: 2024 жылғы 15-19 сәуір.

Курстан өтуге жазылу үшін «AMANAT» партиясының жергілікті филиалына (Ленин даңғ. 7, тел.: 74871, 8 775 1675724) немесе Саран қаласының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөліміне (Жамбыл көш., 67, тел.: 74030), Ақтас кенті әкімінің аппаратына (Кржижановский 27, тел.:55024) жүгіну қажет. Немесе qogamfin.kz сайтында онлайн өтініш беріңіз.

Уважаемые жители города Сарани и поселка Актас!

Рады сообщить вам, что в апреле месяце в городе Сарани и поселке Актас будет дан старт проекту «Қарызсыз қоғам» — обучение финансовой грамотности населения.

Его цель – оказание гражданам финансовой и правовой помощи, повышение финансовой грамотности, содействие в урегулировании проблемной задолженности по банковским займам и микрокредитам. Оператором проекта выступает партия «AMANAT».

Участвовать в нем может любой желающий. Обучение проводится совершенно бесплатно.

Обучение будет проходить в очном формате в группах. Срок обучения- пять дней: до обеда общая программа – обязательный курс, после обеда – индивидуальные практические консультации по желанию участника. По итогам окончания курсов все слушатели получат соответствующий сертификат.

В 1 этапе будет обучено 4 группы:
в городе Сарани:
1 группа: 1-5 апреля 2024 года
2 группа: 8-12 апреля 2024 года
4 группа: 22-26 апреля 2024 года
в поселке Актас:
3 группа: 15-19 апреля 2024 года

Для записи на прохождение курса, необходимо обратиться в местный филиал партии «AMANAT» (пр. Ленина, 7, тел.: 74871, 8 775 1675724), либо в Отдел сельского хозяйства, земельных отношений и предпринимательства города Сарани (ул. Жамбыла, 67, тел.: 74030), Аппарат акима поселка Актас (Кржижановского, 27,тел.: 55024). Либо подать заявку онлайн на сайте qogamfin.kz.


**РЕКЛАМА**
**ОБЪЯВЛЕНИЯ**
**ПОЗДРАВЛЕНИЯ**
На LED экране




# *РЕКЛАМА *ОБЪЯВЛЕНИЯ*

Продается 2-этажный коттедж с мебелью и бытовой техникой. В доме – центральная канализация и водопровод. На территории двора уложена брусчатка, есть беседка на 12 человек с коваными столами и скамьями, камин из шамотного кирпича, огород, теплица. Котельная расположена вне дома, установлен котел «DAKON" (пр-во Чехия), очень экономичный. Фасады дома, котельной, хоз. построек отделаны сайдингом. Реальному покупателю – торг. Если телефон недоступен, пишите в вотсап. Все вопросы по номеру: 8 – 701 – 615 – 89 – 75.

В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует **телефон доверия: 5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.

## * ТРЕБУЕТСЯ * * ТРЕБУЕТСЯ *

На предприятие требуются: сборщики РТИ, прессовщики, вальцовщики, электрогазосварщики, электрики, разнорабочие. При необходимости возможно обучение на базе самого предприятия. Заработная плата выплачивается своевременно + полный соц. пакет.

На мини-котельную требуются кочегары (без ограничения возраста)

Обращаться: г. Сарань, ул. Чкалова, 2/4 (возле сауны «Эдем»). Т.: 5-21-71, 87026552338.

ТОО «Sunpaper» требуется укладчик-упаковщик, и разнорабочий. Звонить по номеру: 8-775-282-90-18.

## * КУПЛЮ * КУПЛЮ *

Монеты, значки, открытки и банкноты СССР, не ходовые (старого образца) банкноты тенге. Т.: 8-701-715-60-49.

Фарфоровые статуэтки, игрушки и «сувенирные» машинки СССР. Т.: 8-776-134-52-30.

Продаю дрова. Пилено-рубленные в мешках. Тел: 8 707-306-39-14, 8 707-236-53-62.

## УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ *

Уголь, шлам, песок, балласт. Грузоперевозки. Т.: 5-29-98, 8-705-251-70-92.

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: 8-747-703-48-50, Ирина.

**Предлагаю профессиональный** ремонт имп. ТВ, холодильников, стир. маш.-автомат, микр. печей. На дому, с гарант. Т.: 8-777-396-81-27

Все виды ремонта квартир, электрик-сантехник-плотник. Т.: 8-771-372-56-88, 8-702-359-46-02.

Организация изготовит все виды ограждения: из проф.листа, металлическое, железобетонное. Также: ворота, калитки, решетки, мусорные баки, скамьи, мангалы и т.д. тел.: 87024051538, 87772332168, 8(72137)7-27-47. г.Сарань, ул. Рабочая, 22б.

## * АРЕНДА * АРЕНДА *

Сдается в аренду торговая площадь с возможностью поставить бутик. г.Сарань, ул.Победы, 70, маг. «Нургуль». Т.: 8-701-405-15-38, 8(72137)7-27-47.

## ДОМА

Срочно продается дом. Т.: 5-19-21.

Благоустроенный 3-к особняк по ул. Шахтерская, варианты обмена на 2-к кв. Цена - 10,5 млн. тенге. Т.: 8-702-906-46-80.

Продаётся дом на 5 кв., 80кв.м, по улице Жамбыла, благоустроенный, 3-комн окна пластиковые, потолки гипсокартон натяжные гараж, дровник, кессон, смородина, крыжовник, яблоня и т.д. Цена - 25 млн тенге. Т.: 8-701-474-84-48.

## * МЕНЯЮ *

1-к кв. 45 м2 г. Сарань, мкр. Горняк на Караганду в Михайловке. Т.: 6-08-75, 8-777-393-20-29

## 3-КОМНАТНЫЕ

3-к кв. по ул Жамбыла 71. Т.: 8-747-401-39-66

## 1-КОМНАТНЫЕ

1-к кв, «Василек», цена 5 800 000 тг. Т.: 8-778-740-97-36.

## МЕСТО ВАШЕЙ РЕКЛАМЫ

На котельную №2, №3, №28, №38, 12 БИС, котельная АСО требуются кочегары, зольщики (заработная плата 280 000 тг, полный соц. пакет). Т.: 8-775-715-64-60, 8-778-437-49-61.



# ПОЗДРАВЛЯЕМ!

Возраст человека выражается не цифрой, записанной в паспорте, а молодостью сердца.Тем, насколько горячо оно бьется в груди человека.Поэтому наши уважаемые ветераны - вне возраста,потому что юны и сердцем, и душой!

Поздравляем с знаменательными юбилеями:
Пискунову Тамару Александровну - 80 лет;
Насырову Валентину Николаевну - 70 лет;
Байленову Умеджан Бейсембаевну - 70лет.

И с днем рождения:
Успленеву Аду Семеновну, Елемесову Лиру Сабитовну, Шегенову Алтынжан Алиакпаровну, Чурилову Галину Ивановну, Тен Лидию Александровну, Свиргун Ольгу Николаевну.

Пусть ваша жизнь будет расцвечена яркими цветами прекрасной весенней поры! Счастья вам, здоровья, и всех земных благ!

**А.Бактыбаев**
**руководитель ГУ"Отдел образования" г. Сарани**
**Н.Скачкова**
**председатель первичной организации ветеранов образования**
**А.Жамбеисова**
**председатель профсоюза организаций образования "Білім"**

---

**Уважаемые ветераны первичной организации торговли и общественного питания, родившиеся в марте!**

Поздравляем с 85-летним юбилеем Омельчук Галину Павловну;
С 80-летним юбилеем Хасенову Бикас;
С 65-летним юбилеем Андрееву Нурию Мансуровну, Заморока Ольгу Владимировну.

С днем рождения поздравляем: О. Ульянову, З. Столетову, Л. Скорову, Л. Пилипцеву.

Всем юбилярам и именникам желеаем:
Коль женщина красива и умна,
И юности душа ее полна,
Когда улыбка тайною пленяет,
А взгляд свет добрый излучает.
Чего еще мы можем пожелать?
Лишь жить и горестей вовек не знать,
Чтоб были счастливы, любимы и здоровы!
Желаем семейного благополучия и хорошего настроения!
Берегите себя!

**Первичная организация ветеранов**
**торговли и общественного питания**

---

**Дорогую, любимую сестру, тетю Байленову Умеджан Бейсембаевну поздравляем с Юбилеем!**

Поздравить рады с юбилеем,
Здоровья, счастья пожелать,
С улыбкой, добрым настроением
Свой путь по жизни продолжать.
Пусть каждый твой обычный день,
В прекрасный праздник превратится,
И никогда печали тень
В твоих глазах не отразится!

От души желаем счастья,
Много много долгих лет.
Ну а главное здоровья,
Чего дороже в жизни нет!

**Твои родные и близкие - семья Байленовых, племянники**



## Мектепке қабылдау




***1 сыныпқа құжаттарды қабылдау 1 сәуірден бастап 31 тамызға дейін жүзеге асырылады***

**Баланы мектепке қабылдауға қажетті құжаттар:**

**1) ата-аналардың өтініші;**
**2) медициналық анықтамалар: № 065/у нысаны (баланы егу) және № 052-2/у нысаны (Баланың денсаулық паспорты);**
**3) баланың 3х4 см өлшемдегі фотосуреті 2 данада.**

***Құжаттарды тапсыру үшін www.egov.kz веб-порталын немесе e.bilimal.kz порталын пайдалануға болады, немесе мектептің қабылдау бөлмесіне хабарласыңыз***

**Мектепке қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады**

## Прием в школу




***Прием документов в 1 класс осуществляется с 1 апреля до 31 августа***

**Необходимые документы для зачисления ребенка в школу:**

**1) заявление родителей;**
**2) медицинские справки: форма № 065/у (прививки ребенка) и форма № 052-2/у (Паспорт здоровья ребенка) ;**
**3) фотографии ребенка размером 3х4 см в количестве 2 штук.**

***Для подачи документов можно воспользоваться веб-порталом www.egov.kz или порталом e.bilimal.kz, либо обратиться в приемную школы***

**Прием в школу осуществляется в соответствии с правилами, утвержденными приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 октября 2018 года № 564**

**Магазин детской одежды «Мамакупи»**

**Качественные и оригинальные вещи по доступным ценам - от 1 года и старше.**

**Наш адрес:**
**г.Сарань, ул. Ленина, дом 7 (бывшее кафе "Эгида")**

**График работы магазина:**
**Ежедневно с 10-00 до 19-00;**
**Без обеда и выходных.**

**Instagram: mamakupi_krg**







| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Саран газеті | Директор ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА | Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство 16307-Г от 18.01.2017 г. (номер и дата первичной постановки на учет № 869-Г, 16.09.1999 г.) | Собственник: ТОО «Саран тынысы» | Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1 Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru | Выходит два раза в неделю, форматом А3 Тираж 1016 / Газета набрана и сверстана в редакции / Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас | Отпечатано в ТОО "Типография "Арко" 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева,15 Печать офсетная. Заказ № 26 | Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели. |